## Біржолғы талонның құнын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2009 жылғы 5 карашадағы № 204 шешімі. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 қарашада № 9-12-126 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2012.12.20 № 89 (2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы 36 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша Салық Департаментінің Қарабалық ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 12 қазандағы № 39-07-ЦПОИ-03-05/4249 хатының негізінде Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипаттама болып, Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талонның құны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2010.12.23 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

2. Дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарларды өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін Қарабалық ауданының базарларында біржолғы талонның құны 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2010.12.23 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессия төрағасы В. Солдатов*

*Аудандық мәслихатының хатшысы А. Төлебаев*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша Салық Департаментінің Қарабалық ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*____________________ Е. Теменов*

Мәслихаттың 2009 жылғы 5 қарашадағы № 204 шешіміне 1 қосымша

## Қызметі дүркін-дүркін сипаттама болып, Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талонның құны

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2010.12.23 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

| **Реттік нөмірі** | **Қызметтің түрі** | **Күніне бір сауда орнына біржолғы талонның құны (теңге)** | |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| | | **базарда** | **базардан тыс** |
| 1 | сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда): | | |
| 1) | газеттер мен журналдар | 65 | 65 |
| 2) | тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет) | 65 | 65 |
| 3) | бақша дақылдарын | 142 | 142 |
| 4) | саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді | 65 | 65 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5) | қосалқы ауыл шаруашылық өнімдерін | 78 | 78 |
| 6) | бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін | 70 | 70 |
| 7) | жануарлар мен құстардың жемдерін | 75 | 75 |
| 8) | сыпыртқылар, сыпырғылар | 65 | 65 |
| 9) | орман жидегін | 65 | 65 |
| 10) | бал | 70 | 70 |
| 11) | саңырауқұлақ | 65 | 65 |
| 12) | балық | 65 | 65 |
| 2 | Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметін | | 350 |
| 3 | Үй жануарлары мен құстарын бағу | | 156 |

Мәслихаттың
2009 жылғы 5 қарашадағы
№ 204 шешіміне 2 қосымша

# Дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарларды өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін Қарабалық ауданының базарларында біржолғы талонның құны

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2010.12.23 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

| **Реттік нөмірі** | **Базар атауы және тауарлық мамандану** | **Тауарларды іске асырушылар тобы** | **базардағы сауда орны** | **күніне біржолғы талонның құны (теңге)** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | "Максим" сауда базары | Азық-түлік тауарлар | Сөре | 130 |
| | | Тағамдық емес тауарлар | Сөре | 104 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Б ұ р ы н қолданылған тауарлар | Сөре | 65 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК